

1-4 класс оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі

Мектеп асханасы 312 орынға негізделген. Оқушылардың қол жуатын жері ұйымдастырылған. Жалпы асхананың санитарлық жағдайы талапқа сай. Оқушылардың уақытылы тамақтанып, сабақтарына үлгеруі үшін тамақтану кестесі және тамақтану барысында тәртіп сақтауы үшін кіші әкімшілік қатарынан кезекшілік құрылған.

А.М Наурызбаевпен мектеп арасындағы 2021 жылдың қыркүйектің 06 күні №1 келісімшарт жасалып, биылғы 2023 жылдың желтоқсан айына дейін жарамды.

Облыстық білім басқармасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 03.08.2023 жылғы №15-2/4629 хаты негізінде 1-4 класс аралығында барлық оқушыны тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жосарлануда. Қазіргі таңда мектеп асханасы «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында тамақтануды ұйымдастыру кезінде қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкес әзірленуде. Ал былтырғы оқу жылын 1-4 класс арасында 613 оқушы аяқтап отыр. Оның ішінде, 1 класс-167, 2 класс-166, 3 класс-139, 4 класс-141. I кезеңде – 308 оқушы, II кезеңде – 305 оқушы.

Қазіргі таңда 1-11 класс оқушылары арасында 180 оқушы тегін ыстық тамаққа өтініш жазып отыр. Бұл оқушылар АСП, аз қамтылған, көп балалы отбасының балалары. 1 балаға ыстық тамаққа бөлінетін қаржы - 452, 68 тн.